



# **Әлеуметтік дағдылар**

**Дидактикалық ойындар  
картотекасы**

**4 жас**

## Бау-бақша ойыны

# 1

**Міндеті:** жеміс пен көкөністің айырмашылығын табуға үйрету

**Ойын шарты:** Үстелге муляждарды немесе нақты жемістер мен көкөністерді қояды. Оның қасына екі себет қояды, бірін көкөністерге, екіншісін жемістерге салады. Балаға бір затты бір-бірден алып, оны себетке салу керек: «Өрік - жеміс, өйткені ол ағашта өседі» және т.б.

**Құралдар:** жемістер мен көкөністердің суреттері


«Кім? Не?» (зат есімдер)

# 2

**Ойынның міндеті:** Жанды жансыз заттарды айыра білуге үйрету.

**Ойынның құрал-жабдықтары:** әр-түрлі суреттер

**Ойынның мазмұны:** Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суреттерде не бейнеленгенін және оның жанды не жансыз екенін айтады. Жанды болса кім?, жансыз болса не? Сұрағы қойылады.



Тірі табиғат

Өлі табиғат





### «Нан дастарханға қалай келеді?»

3

**Міндеті:** Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Сөздік қорын толықтыру: майдалау, себу, диқаншы, комбайын, элеватор, диірмен.

**Көрнекіліктер:** егін даласына қажетті суреттер

**Ойын шарты:** Жүргізушінің белгісінен кейін бос тор көздерді жарыса отырып, қажетті суреттермен толықтыру.

### Табиғат құбылыстарын ата

4

**Міндеті:** Табиғатта болатын өзгерістерді, олардың жыл мезгілдерін сипаттайтын басты ерекшеліктерді түсіндіру. Жыл мезгілдері туралы жалпы түсінік беру барысында, табиғат құбылыстарының өзгеріп отыратынын түсінуге үйрету. Табиғатты сүйуге, оны құрметтеуге тәрбиелеу.







**Дидактикалық ойын: «Мамандықтың бәрі жақсы»**

**Міндеті:** Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** әр түрлі мамандықтар суреттері

**Ойын барысы:** суреттер тақтаға іленеді. Бала өзі қалаған мамандығын қарап алады да, сол мамандық туралы әңгімелейді. Неге ұнататынын, қандай жақсылығы барлығын әңгімелейді.



**Дидактикалық ойын: «Өзім және отбасым»**

**Міндеті:** Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсіндіру.

Жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге, отбасының бірлігін сақтап, жанұяның мақтаны болуға тәрбиелеу.

**Ойын шарты:** суреттер бойынша әңгіме жүргізу. Отбасындағы ата мен әже, ата - баба болып келеді, әкең мен шешен, ата - ана. Ал әпке, аға, ата - ана, балалар отбасының мүшелері болады.





**Дидактикалық ойын: «Жануарларды қалай күту қажет?»**

**Міндеті:** Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. Балалардың үй жануарлары туралы білімін тереңдету және жүйелеу. Балаларды сипаттау арқылы жануарларды білуге үйрету. Өз көңіл-күйін білдіруге, басқаның көңілін түсінуге баулу. Білімдерін бекіту.

**Ойын шарты:** Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй жануары туралы білетінін немесе өз ойын білдіреді.

- Жануарларға қалай қарау керек, қандай қарым-қатынаста болу ережесін құрайық:

Жануарларды жақсы көру керек.

Жануарларды күту керек.

Уақытында тамақтандырып, серуенге шығарып отыру керек.

Олармен ойнау керек.

Оларды ызаландыруға, аяқпен тебуге, ауыртуға болмайды


7

Бөлме өсімдіктері  
**«Гүлдерді күтеміз»**

**Міндеті:** балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.

**Ойын шарты:** гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әңгімелету.

8







9

### **Қыс келді**

- **Міндеті:** Қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіру.

**Шарты:** Үлестірме қағаздардағы суреттермен ойнауға шақырады. Суреттерге қарап, балалардың не істеп жатқанын айт.

10

### **Балықтар**


**Міндеті:** Жануарларға (балықтар) тән ерекшеліктермен таныстыру.


Тірі нысандарды бақылау қабілетін дамыту.

**Шарты:** Үлестірме қағаздардағы суреттермен ойнауға шақырады. Тапсырманы орындайды.










Оң және сол қолдың сұқ саусағымен үзік сызықтарды бойынша жүргізеді.











# 11

## **Көктем келді**

**Міндеті:** Көктем мезгілінде болатын маусымдық өзгерістер туралы түсінік қалыптастыру.


**Шарты:** Үлестірме қағаздардағы суреттермен ойнауға шақырады. Көктемде не болатынын айтып бер.


# 12


## **Шуақты күн**

**Міндеті:** Жансыз табиғаттағы нысандардың өздеріне тән белгілерімен таныстыру. Танымдық белсенділігін дамыту.

**Шарты:** Үлестірме қағаздардағы суреттермен ойнауға шақырады. Күннің көңілді сәтін көрсет. Ол неге шаттанып тұр деп ойлайсың?











# 13

«ағаш па, гүл ма?»

**Міндеті** өсімдіктер туралы ойларын дамыту.

Ажырата білуге үйрету


**Шарты:** ағаштар мен гүлдерді екі топқа бөлу.



# 14

«Бұл қай кезде болады?»

**Міндеті:** жыл мезгілдері туралы білімдерін кеңейту.

**Шарты:** әр жылмезгіліне тән өзгерістерді суретке қыстырғыштармен орналастыру





Береза (лито)

# 15

• **«Құстар немен қоректенеді»**

**Міндеті:** құстар туралы білімдерін кеңейту. Ойлау қабілеттерін дамыту

**Шарты:** құстар мен қоректері лотосын ойнау.


# 16


**«Арнайы көліктер»**


**Міндеті:** көліктер туралы түсінік беру.

Құрастыру біліктерін арттыру


**Шарты.** Көліктерді үлгіле қарап құрастыру.











## Қайсысы қайда тіршілік етеді

**Міндеті:** жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.

**Көрнекілік:** әр түрлі жануарлар, құстар суреті

**ойын барысы:** әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады.


Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.

## Жыл мезгілдері»

**Міндеті:** Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.

**Көрнекіліктер:** Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.

**Ойын барысы:** Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққалат. б.)





# 19

**«Қолғап»**

**Міндеті:** қысқы киімдер туралы білімдерін дамыту.


**Шарты:** қолғаптардың жұбын табу

# 20

**«Кімге не керек?»**

**Міндеті:** Балалар мұғалім, дәрігер, құрлысшы, спортшыға қажет құралдарды тауып қоюы керек. Балаларды тапқырлыққа үйрету.

**Ойын шарты:** суреттегі мамандықтарды атау және оларға жұмыс барысында қандай құралдар керек екеннің табу.





# **Коммуникативтік Дағдылар**

**4 жас**

**Дидактикалық ойындар  
картотекасы**





**«З» және «с» дыбыстары** (Дыбыстық сөйлеу мәдениеті)

**Міндеті:** Дыбыс жайлы түсінік беру. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.





Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.


**Шарты:** «З» мен «С» дыбыстарын дұрыс айту

**Көжекпен ойналық**

**Міндеті:** Жануарлардың тіршілігі жайлы мәлімет бере отырып, ауызша сөйлеулерін дамыту, сөздік қорларын толықтыру. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау

**Шарты:** Қоянның іс-әрекетін айту





**Зымыран**



**Зебра**



**Зығыр гүлі**



**Зәйтүн майы**

**З**



**Зеңбірек**



**Ұстаз**



**Қарбыз**



**Зырылдауық**



**СҮТ**



**Саусақ**



**Сағат**



**Сырға**

**С**



**Сабын**



**Сандық**




**Асық**



**Сәбіз**

Көжектің сәбізге дейінгі жолын сызып көрсет.





### **Қуыршақ Әйгерімнің туған күні**

**Міндеті:** Туған күн де мереке түріне жататындығын түсіндіру  
Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.  
Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.

**Шарты:** тығылған ойыншықты тауып, атын атап, түсін, үлкен, кішілігін ажыратып, сол ойыншыққа өздерің мейірімді тілек тілейсіңдер. Мысалы, балалар алдымен көздерін жұмады, қойылған ойыншықтар ішінен педагог біреуін жасырып қояды. Қандай ойыншық жоқ?

### **Жаз, күз (Сурет бойынша әңгіме құрау)**

**Міндеті:** Жаз және күз мезгілдерінің айырмашылықтарын әңгімелеуге үйрету. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама- қарсы антоним сөздермен байыту.

**Шарты** Жыл мезгілдерін ажырату











# 5

## **«Айлакер түлкі» орыс халық ертегісін сахналау**

**Міндеті:** Ертегі мазмұнын түсіндіру. театрландырылған әрекеттің басқа да жұмыс түрлерін(саусақ, үстел үсті, көлеңкелі және тағы басқа) меңгерту

**Шарты:**Ертегіні әңгімелеу

# 6

## **«Ц» және «Ч» дыбыстары (сөйлеу мәдениеті)**

**Мақсаты:** Дыбыстар жайлы білімдерін толықтыру. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс- әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.

Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру

**Шарты** «Ц» және «Ч» дыбыстары кездесетін сөздерді суреттен ата

# Айлакер түлкі

(Орыс халық ертегісі)



Ертегіні әңгімеле.



1



2



3



4



5




6



7



8



9



10



Цирк



Цех

12345  
67890

Цифр



Циркуль

Щ



Полиция



Офицер



Цемент



Концерт



**Чек**



**Чукча ұлты**



**Чили  
бұрышы**



**Чемодан**

**Ч**



**Чипсы**



**Чебурашка**



**Почта**



**Чемпион**



7

**«Екі сараң қонжық»** венгр халық ертегісін сахналау

**Міндеті:** Ертегі мазмұнын түсіндіру. Сараң сөзінің мағынасын ашып айту.

**Ойын шарты** із арқылы жануарды табу


**«Көңілді доп»**

**Міндеті:** Ыдыстардың атын атай білуге, жылдамдылыққа баулу.

**шарты:** балалар шеңбер бойымен тұрады, педагог ортаға тұрып, балаларға допты ақырын лақтырады. Оны қағып алған бала кез келген ыдыстың атын айту керек. Ескерту: бірінің айтқанын бірі қайталамау керек. Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ойынды қызыға ойнайды

8







**Менің сүйікті үй жануарларым** (Өз тәжірибесінен әңгіме құрау)

**Міндеті :** Үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету.

**Ойын шарты:** үй жануарларына байланысты суреттер алып сол суреттегі жануарды атап, олардың дауысын келтіріп, (мө-мө, мяу-мяу-мяу) олар туралы мейірімді сөздерді атау. Мысалы, боташым, құлыншағым.т.

**«Әтеш пен Тоты» ертегісі** (Үлгі бойынша мазмұнын айту)

**Міндеті:** Баланы тез ойлануға және ұшатын немесе ұшпайтын затты ажырата білуге үйрету.

**шарты:** Ұшатын заттарды тез анықтап, екі қолын жоғары көтеру керек. Мысалы: Ұшты, ұшты – қарға ұшты! Ұшты, ұшты – қалам ұшты! Ұшты, ұшты – кітап ұшты! Ұшты, ұшты – сауысқан ұшты! Ұшты, ұшты – торғай ұшты! Балалар ойын шартын мұқият тыңдап алады. Қолдарын бір көтеріп, бір көтермейді





# 11

## **Ойыншықтар дүкені**

**Міндеті:** Ағаштан, шыныдан, пластамассадан жасалатын ойыншықтар жайлы әңгіме құрау

**Шарты:** Сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелеу

# 12

## **«Ж» және «ш» дыбыстары (сөйлеу мәдениеті)**

**Міндеті:** Ж және ш дыбыстарын дұрыс дыбыстап айтуға жаттықтыру.

**Шарты** «Ж» және «ш» дыбыстары кездесетін сөздерді атау











**Жұлдыз**



**Жүрек**



**Жапырақ**



**Жұмыртқа**

**Ж**



**Жылан**



**Жүгері**



**Жүзім**



**Жылқы**



### **Ертегіде қонақта**

(Таныс ертегілерді қойылымдық жабдықтары арқылы әңгімелеу)

#### **Міндеті:**

Ертегі мазмұнын әңгімелей білу дағдыларын дамыту.

**Шарты:** Шеңбер болып тұрамыз, ортаға текше тасталынады. Текшеде қандай кейіпкер суреті түссе, сол ертегі жайында айтып береміз. Мысалы: текшеден ата, әже, қыз, ит, мысық, тышқан суреті кездесті делік. Бұл ертегінің аты қалай? – Бұл «Шалқан» ертегісі. (Ертегі мазмұнын әңгімелейді). – Содан соң атай не істепті? Келесі баладан жалғасын сұрайды.

# 13

# 14

### **«Не дәмді?» ертегісі**

**Міндеті:** Өз ойларын жеткізе білу дағдыларын дамыту.

**Шарты:** баланың көзі жұмылады. Қоржынға салынған көгөністер мен жемістер қолдарына алып, оның дәмі қандай болатынын және пішінін айтып, атын атау керек. Ойында тапқан жемісімізді немесе көгөністі сипап сезу арқылы жылдам баяндап беру керек екенін айту.









# 15

## «Қолғап» украин халық ертегісін сахналау

**Міндеті:** Сөйлеу мәнерлері мен сөйлемді дұрыс құрау дағдыларын дамыту.

**Шарты:** Оң-солды ажыратып, қолғаптың сыңарын табады

# 16

**Тақырыбы:** Қуыршақ қонаққа келді.

**Міндеті:** Ыдыс-аяқ атауларын меңгерту арқылы пассивті және белсенді сөздік қорын кеңейту.

Түрлі әрекеттерді ауызша жеткізу қабілетін дамыту.






Дұрыс көрсет, ажырат!» дидактикалық ойыны.

**Шарты:** Тағамдар мен ыдыстардың суреттері таратылып беріледі. Атын атағанда тез көрсетуі және ол тағам ба, ыдыспа – дұрыс ажыратуы керек. Тағам және ыдыстарды ажыратады











# Танымдық зияткерлік Дағдылар

4+



Дидактикалық ойындар  
картотекасы



1

**Бір және көп. Үлкен және кіші.**

**Шеңбер**

**Міндеті :** бір және көп» ұғымдарын қалыптастыру; заттарды өлшемі (үлкен, кіші) бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру; геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту.




**Шарты:** Бір және көп заттарды ажырату, үлен мен кіші, шеңбер пішіні кездескен заттарды атау



2


**Заттар тобын салыстыру. Оң жақ – сол жақ**


**Міндеті :** Оң мен солды ажыратуға үйрету

**Шарты:** Педагог балалардан оң жақтағы суретті мұқият қарап, ондағы заттардың қалай орналасқанын айтып беруді сұрайды





















**Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу.**

**3**

**Міндеті :** заттар саны мен цифр арасындағы байланысты қою; «үлкен, кіші, кішкентай» өлшемдері, әртүрлі өлшемдегі шаршы туралы ұғымдарын қалыптастыру

**Шарты** заттарды ажырату


**Сандарды салыстыру. Тәулік бөлігі.**


**4**

**Міндеті :** тәулік бөліктері, заттардың орналасуы (сол жақта, ортасында, оң жақта) туралы білімдірін қалыптастыру.

**Шарты** тәулік бөліктерін атап шығу













5

**1 саны мен цифры.**

**Міндеті :** 1 цифрымен таныстыру;

**Шарты** 1 санымен затты сәйкестендіру

6

**2 саны мен цифры. Қысқа – ұзын.**

**Жақын – алыс**

**Міндеті :** :2 цифрымен таныстыру;

«ұзын, қысқа, жақын-алыс

ұғымдарымен таныстыру

**Шарты** 2 санымен затты сәйкестендіру, заттардың кеңістікте орналасу ретін атау



1



[www.KidsUnder7.com](http://www.KidsUnder7.com)

1



[www.KidsUnder7.com](http://www.KidsUnder7.com)

1



2



[www.KidsUnder7.com](http://www.KidsUnder7.com)

2




[www.KidsUnder7.com](http://www.KidsUnder7.com)

2







[www.KidsUnder7.com](http://www.KidsUnder7.com)







DOMESTIC IN ECONOMICS














**3 саны мен цифры. 3 цифрын заттың санымен сәйкестендіру.** Кеше, бүгін, ертең.

**Міндеті :** 3 цифрымен таныстыру; тәулік бөліктері туралы білімін бекіту.

**Шарты** 3 саны мен затты сәйкестендіреді.

7

**4 саны мен цифры.**

**Міндеті :** 4 цифрымен таныстыру; заттардың шамасы, бөлімі бойынша алғашқы ұғымдарын қалыптастыру; зейіндерін дамыту.

4 цифрымен затты сәйкестендіру

8

СТО ТРИ МЕДВЕДА.



3



[www.KidsUnder7.com](http://www.KidsUnder7.com)

3



[www.KidsUnder7.com](http://www.KidsUnder7.com)

3



[www.KidsUnder7.com](http://www.KidsUnder7.com)

4



[www.KidsUnder7.com](http://www.KidsUnder7.com)


4



[www.KidsUnder7.com](http://www.KidsUnder7.com)

4





**Жоғарыда – төменде, сол жағында  
– оң жағында.**

**Міндеті :** уақыт және кеңістік  
бойынша бағдарлай алу дағдыларын  
қалыптастыру

**Шарты** Заттардың қалай  
орналасқанын атау

9




**5 цифры мен саны.**


**Міндеті :** :5 цифрымен таныстыру;  
кеңістікте бағдарлай алу.

**Шарты** 5 санымен затты  
сәйкестендіру

10








5




5




[www.RazvitiRebenka.com](http://www.RazvitiRebenka.com)

5



[www.RazvitiRebenka.com](http://www.RazvitiRebenka.com)

5



[www.RazvitiRebenka.com](http://www.RazvitiRebenka.com)



11

**Реттік санау.** Заттардың кеңістікте орналасу тәуелсіздігі. Геометриялық пішіндер.

**Міндеті :** реттік санау туралы білімдерін бекіту; сандардың, заттардың орналасуына тәуелсіздігі туралы білімдерін дамыту.

**Шарты** Геометриялық фигураларды ажырату



12

**1, 2, 3, 4, 5 цифрлары мен сандары.**  
**Сан мен цифрды сәйкестендіру.**

**Міндеті :** зейіндерін дамыту; математикалық жұмбақтарды шешуге үйрету.


**Шарты** сан мен затты сәйкестендіру  
Реттік санау








1 2 (3)




1 2 3




1 2 3




1 2 3



1 2 (3)



1 2 3



1 2 3



1 2 3



**Шығармашылық  
дағдыларды дамытуға  
арналған дидактикалық  
ойындар картотекасы  
№1**



## «Жасырынған жануарларды тап»

1

**Мақсаты:** үй жануарлары туралы түсінік қалыптасады жануарларға қамқорлық танытуды біледі.

**Шарты:** ағаштардың артына жасырынған жануарларды табады

## «Құйыршығын тап»

2

**Мақсаты:** жануарлар туралы білімдерін кеңейеді


**Шарты:** жануарлардың құйыршығын табады



Очень  
важный  
канал

Очень  
важный  
канал





3

### «Не артық»

**Мақсаты:** ағаштар туралы білімдері қалыптасып, табиғатқа қамқорлық жасауға үйренеді.

**Шарты:** ағаштарды гүлдерден ажырату артығын табады


### « Көліктің дөңгелектері»

4




**Мақсаты:** түстерді ажыратады. Көліктің бөлшектері мен танысады





**Шарты:** көліктердің түсіне сай дөңгелектерді орналастырады











## «Менің үйім»

**Мақсаты:** үй туралы білімдерін қалыптасып, үй құрылысымен таныстыру.


**Шарты:** үйдің сұлбасын беру оған не жетпейтінін басқа суреттердің ішінен табады.

## Қай аспап жоқ?


**Мақсаты:** Балалардың зейіні дамиды.

Есте сақтау қабілеті қалыптасады

**Ойынның барысы:** Педагог тақтаға музыкалық аспаптардың суреттерін іледі, балалар суреттерді көреді, көздерін жұмады, көздерін ашқанда қай суреттің жоқекенін табу керек.







7

### Тында да.айт

**Мақсаты:** айналадағы заттардың дыбыстарын бір-бірінен ажырата ды, фонематикалық есту қабілетін дамиды

**Құрал:** ағаш, металл қасықтар, доп, қағаз, кітап,суы бар стақан, қоңырау, кілттер. балалар үстелдегі заттарды қарап алады. Сосын тәрбиешіге теріс қарап отырады, ал тәрбиеші заттардың дыбысын шығарады, балалар дыбысты танып толық жауап береді : «Бұл қоңыраудың сыңғыры» т.с.с.

8

### «Күн түн»

**Мақсаты:** тәулік бөліктері туралы білімдерін кеңейеді

**Шарты:** күн мен түн тәулік бөліктеріне тән суреттерді жапсырмамен жапсырамыз.

Күн





Түн





КҮН

ТҮН



9

### «Көлеңкесін тап»

**Мақсаты:** кір жуғыш машина туралы білімдерін дамиды, қолдану мақсатымен танысады


**Шарты:** киімдердің көлеңкесін табады.

10





### «Түстерін дұрыс тап»

**Мақсаты:** түстерді ажыратады.

**Шарты:** гүлдергесу құю түсіне сай орналастырады







## «Шырша»

**11**

**Мақсаты:** түстерді ажыратады

**Шарты:** шыршаны  
пішіндерден құрастырады.



Түстерін дұрыс табады.

## «Қысқы спорт түрлерін ата»

**12**

**Мақсаты:** қыс мезгіліндегі спорт  
түрлері туралы білімдерін  
қалыптасады

**Шарты:** жасырынған суреттердің  
қандай спорт түрі екенін айтады.





ped-kopilka.ru





ped-kopilka.ru